

Білім беру қызметінің ақысын төлеу шарты

Шымкент қаласы

«___» _____ 202__ жыл.

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2025 жылдың 24 ақпанындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, кәмелетке толмағандарға білім беру - сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметіне № KZ67LAM00000933 мемлекеттік лицензия берілген Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шарушылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, бұдан әрі «**Колледж**» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін, оның директоры Абишев Галымжан Мотаевич бір жағынан, кәмелеттік жасқа толмаған азамат(ша)

(Т.А.Ә.)

туған жылы: _____
азаматтығы: _____
жеке бас куәлігі нөмері: _____
ЖСН: _____
тұратын мекен-жайы: _____
тіркелген мекен-жайы: _____
және келісім бойынша әрекет ететін, бұдан әрі «**Білім алушы**» деп аталатын, мүддесі үшін әрекет етуші

(Білім алушының заңды өкілінің немесе ата анасының Т.А.Ә.)

туған жылы: _____
азаматтығы: _____
жеке бас куәлігі нөмері: _____
ЖСН: _____
тұратын мекен-жайы: _____
тіркелген мекен-жайы: _____

және бұдан әрі «**Тапсырыс беруші**» деп аталатын, бұдан әрі бірлесіп «**Тараптар**», жекелеп «**Тарап**» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатын, төмендегілер жөнінде білім беру қызметінің ақысын төлеу туралы осы шартты (бұдан әрі - «**Шарт**») жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Шартқа және 20 _____ жылғы _____ № _____ Бұйрыққа сәйкес Колледж Білім алушыға Шарттың 1.2. тармағына сәйкес білім беру қызметін көрсетуге (бұдан әрі «Қызмет») міндеттенеді, ал Білім алушы/Тапсырыс беруші Шартта қарастырылған тәртіп пен көлемде Қызметті қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.
- 1.2. Колледж төмендегілерді міндетіне алады:
 - 1.2.1. Білім алушыға курсты (бұдан әрі «білім алу») аяқтағанда мемлекеттік үлгідегі диплом берумен күндізгі білім алу нысаны бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «_____» **біліктілігімен** «_____» мамандығы бойынша білім беруді ұйымдастыруға;
 - 1.2.2. Білім алушыға Колледждің оқу жоспарына сәйкес білім алуға мүмкіндік беруге.
- 1.3. Колледжде білім алу мерзімі **2 жыл 10 айды** құрайды.
- 1.4. Колледждің оқу жоспарына сәйкес оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және 30 маусымда аяқталады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Колледж міндетіне алады:

- 2.1.1. Білім алушы Колледждің білім алушылары қатарына конкурс нәтижесі (немесе академиялық қарыздарын өтеген жағдайда, басқа білім беру ұйымынан ауыстыру) бойынша қабылдауды.
- 2.1.2. Білім алушы/Тапсырыс берушіні Шарт жасаған кезде Колледж жарғысымен, Колледждің білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясымен және Колледждің білім алушыларын қабылдау тәртібін реттейтін басқа да ішкі құжаттармен, сондай-ақ Колледждің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен таныстыруды.
- 2.1.3. Білім алушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес дайындауды қамтамасыз етуді.
- 2.1.4. Білім алушының қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен оқу жүктемесінің көлемі мен сабақ тәртібін анықтауды, Білім алушыға зиянсыз, қауіпсіз білім алу жағдайын жасауды.
- 2.1.5. Колледж кітапханасының ақпараттық қорларын қолдану құқығын беруге, Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіп пен жағдайда оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуді.
- 2.1.6. Білім алушыға оқу бағдарламасы шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіп пен жағдайда компьютерлік техниканы қолдану мүмкіндігін беруді.
- 2.1.7. Білім алушыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң нормаларымен, Шарттың және Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Шарттың талаптарын орындамағаны, не болмаса басқа жағдайлармен оқудан шығарылған жағдайда, оның өтініші бойынша оқуға қайта қабылдауды.
- 2.1.8. Білім алушыны оның жазбаша өтініші бойынша оқу бағдарламаларын өту нәтижесіне сүйеніп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң ережелерімен, Колледждің ішкі құжаттарымен және Шартпен белгіленген тәртіпте білім алудың бір түрінен екінші түріне немесе бір мамандықтан екінші мамандыққа (бос орын болған жағдайда), білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына, сонымен қатар білім берудің ақылы түрінен мемлекеттік тапсырыс түрінің босаған орнына ауыстыруды.

2.1.9. Білім алушыға Колледждің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірлерге қатысуға мүмкіндік беруді.

2.1.10. Білім алушыға білім берудің толық курсын ойдағыдай аяқтағаннан кейін және қорытынды мемлекеттік аттестациядан өту нәтижесі бойынша «_____» біліктілігі және Шарттың 1.2. тармағының 1.2.1. тармақшасымен белгіленген құжат беруді;

2.1.11. Білім алушының Колледждің оқу жоспарына сәйкес кәсіби тәжірибе өтуін ұйымдастыруды.

2.2. Колледждің құқықтары:

2.2.1. Білім алушыдан Шартқа және Колледждің ішкі құжаттарына сәйкес тиісті міндеттерін адал орындауын, сондай-ақ оқу тәртібін сақтауын, Колледж білім алушыларымен, қызметкерлерімен және оқытушыларымен сыпайы қарым-қатынаста болып, құрметтеуді талап етуге;

2.2.2. Білім алушыға оқу тәртібін, Шарттың талаптарын, Колледждің ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік ықпал шараларын қолдануға;

2.2.3. Білім алушыдан Колледж мүлкіне ұқыпты қарауын, компьютерлік және басқа техникалармен жұмыс ережесін сақтауды талап етуге, Білім алушы тарапынан колледжге келтірілген материалдық шығындарды төлеуін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы қарастырылған талаптарға сәйкес талап етуге;

2.2.4. Білім алушыны Колледждің ішкі құжаттары ережелеріне сәйкес оқудағы, ғылыми және шығармашылық жұмыстарындағы жетістіктері үшін мадақтауға және сыйақы беруге;

2.2.5. Білім алушы/Тапсырыс беруші Шарттың, Колледждің ішкі құжаттарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының ережелерін, сондай-ақ Шартпен белгіленген басқа да жағдайларды бұзғанда Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға;

2.2.6. Білім алушы/Тапсырыс берушіден Білім алушының кінәсі немесе бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзуына байланысты; Колледжге келтірілген шығындарды төлеуді талап етуге;

2.2.7. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 292-бабының 1-тармағына сәйкес, Білім алушы/Тапсырыс берушіден қарыздарын өтегенге дейін Білім алушының мүлкін, атап айтқанда білімі туралы (кәсіптік аттестат, орта кәсіби білім туралы диплом) құжаттың және басқа да құжаттардың түп нұсқасын ұстап тұру арқылы осы Шарттың 2.3.10.- тармақшасында қарастырылған міндеттерді орындауын қамтамасыз етуді талап етуге;

2.2.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Шарттың, Колледждің ішкі құжаттарының ережелерімен қарастырылған басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға.

2.3. Білім алушы міндетіне алады:

2.3.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының толық көлемінде білімдерді, шеберліктер мен тәжірибелік дағдыларды меңгеруге, теориялық және тәжірибелік сабақтардың барлық түрлеріне қатысуды.

2.3.2. Стационарда ем қабылдауына, төтенше жағдай туындауына (апатты жағдай, көлік апаты және басқалар) және басқа себептерге байланысты жағдайларда, Білім алушы немесе оның туысы бір тәулік ішінде Колледжді осы жағдайды растайтын құжаттарды үш күндік мерзімде ұсынып жазбаша ақпарат беруге міндетті.

2.3.3. Аралық және қорытынды бақылау тапсыру кезеңдерін үшкүндік мерзімде себепті жағдай бойынша қатыса алмағанын растайтын құжат бермеген жағдайда Білім алушы академиялық қарызы бар болып танылады және бұл қарыздарды Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде өтеуді міндетіне алады.

2.3.4. Колледж басшылығының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғы ережелерін, Колледждің басқа да ішкі құжаттары мен Шарттың талаптарын сақтауға және орындауға.

2.3.5. Колледж мүлкіне ұқыпты қарауға және оны тиімді қолдануға, білім алуға және жатақханада тұруға қалыпты жағдай жасауға қатысуды.

2.3.6. Әскери есеп ережесін сақтауды.

2.3.7. Колледж басшылығының талабы бойынша Шарттың талаптарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Колледждің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктеме беруді.

2.3.8. Колледждің оқытушыларын, қызметкерлері мен білім алушыларын құрметтеп, олармен сыпайы қарым-қатынаста болуды.

2.3.9. Отбасы жағдайы, мекен-жайы, телефоны, сонымен бірге Шарттың 7 - бөлімінде белгіленген мәліметтер өзгерген жағдайда, Колледждің уәкілетті тұлғаларына 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жоғарыда аталған жағдайлар болған сәттен бастап хабарлауды.

2.3.10. Көрсетілген Қызметтерді Шарт ережелерінде қарастырылған көлемде, тәртіпте және жағдайларда төлеуді.

2.3.11. Оқуды себепсіз жағдайлар, оның ішінде оқу тәртібін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының, Колледждің ішкі құжаттарының талаптарын бұзуға байланысты, болмаса өз еркімен оқуын тоқтатқан жағдайда осы шарттың 3.6. тармағына сәйкес Шартты мерзімінен бұрын бұзуына байланысты Колледж шығындарын толық көлемде төлеуді.

2.3.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Колледждің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес басқа да әрекеттерді жүзеге асыруды.

2.4. Тапсырыс берушіге осы Шарттың 2.3.-тармағының 2.3.9.-2.3.12.-тармақшаларымен қарастырылған міндеттер тиісті.

2.5. Білім алушының құқығы бар:

2.5.1. Оқу бағдарламасын өту нәтижесіне сүйеніп, Колледж басшысының бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында және Колледждің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен білім алудың бір түрінен екінші түріне немесе бір мамандықтан екінші мамандыққа (бос орын болған жағдайда), білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына, сөйтіп қатар білім берудің ақылы түрінен мемлекеттік тапсырыс түрінің босаған орнына ауысуға.

2.5.2. Екіжақтың жасасқан шартына сәйкес қосымша төлемақыға Мемлекеттік стандарт үстінен қосымша Қызмет алуға;

2.5.3. Оқудан бос уақытында Колледждің ішкі құжаттары белгілеген тәртіп пен жағдайда кітапхана мен оқу залдарының базасында оқу, оқу-әдістемелік қорларды қолдануға.

2.5.4. Оқып жүрген уақытында Колледждің ішкі құжаттары белгілеген тәртіп пен жағдайда білім алушылық өзін-өзі басқару органдарына қатысуға.

2.5.5. Өз ойы мен пікірін еркін айтуға.

2.5.6. Өзінің адамгершілік абыройын қадірлеуге.

2.5.7.Шарттың ережелеріне сәйкес Қызметті төлеу бойынша өз міндеттерін мерзімінен бұрын орындауға.

3. ҚЫЗМЕТТІ ТӨЛЕУ КӨЛЕМІ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. Көрсетілген білім беру қызметі үшін төлеу ақысы мемлекеттік стандарт шеңберінде теңгемен белгіленеді.

3.2. Қызмет үшін Білім алушы/Тапсырыс беруші Колледжге бір жылдық оқу үшін _____ (_____) **теңге** көлемінде ақы (бұдан әрі — «Қызметтер құны») төлейді.

3.3. Келесі оқу курсының оқу ақысы жаңа оқу жылының басында, яғни қыркүйектің 01-не дейін анықталып, колледждің ақпарат тақтасына ілінеді.

3.4. Колледж жыл сайын оқу төлемақысын белгілегенде және есеп жүргізгенде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтарын, өкімдерін, қаулыларын, Шымкент жоғары медицина колледжінің Жарғысын, колледж қызметкерлері мен оқытушыларының базалық окладының өзгеруін, коммуналдық қызметтер бағасының өсуін, құнсыздану индексінің өзгеруін басшылыққа алады. Қызметтер құнын төлеу кезең-кезеңмен төмендегідей мерзімде және көлемде жүргізілуі тиіс:

- оқу жылы басталғанға дейін, яғни 1 қыркүйекке дейін - Қызметтер құнының 40% -н;
- оқу жылының екінші жартыжылдығы басталғанға дейін, яғни 1 ақпанға дейін - Қызметтер құнының 60%-ы;

3.5. Қызмет құнын төлеу Шарттың 7-бөлімінде белгіленген Колледждің есеп шотына сәйкес төлемдерді аудару жолымен немесе қызмет көрсететін банктердің банкоматтары арқылы жүзеге асырылады. Төлемдер Колледждің банк есеп шотына ақша түскен сәттен бастап төленді деп есептеледі.

3.6. Білім алушы қатарынан шығарылған Білім алушымен Шартты бұзған жағдайда, ол Колледж білім алушылар қатарына қайта қабылданғанда оқу төлемақысы білім алушы қатарына қайта отырғызылған сәтте қолданылып жүрген талаптар мен төлемақы көлемінде жүргізіледі.

3.7. Оқуды өз еркімен тоқтатқан жағдайда Білім алушы осы Шартпен белгіленген тәртіппен көрсетілген мерзімде білім алушылар қатарынан шығарылады.

3.8. Шарт оның білім алушылар қатарынан шығарылған күннен бастап бұзылды деп есептеледі. Мұнда аталған бұйрық шыққан күнге дейін Білім алушы/Тапсырыс берушінің Қызметтер құнын төлеу бойынша міндеттері сақталады және Білім алушы/Тапсырыс беруші Қызметтерді толық көлемде төлеуге міндетті.

3.9. Білім алушыға академиялық демалыс берілген жағдайда, Білім алушы оқу ақысының қарызын академиялық демалыс берілгенге дейін төлеуге міндетті және кейін Колледждің білім алушылар қатарына қайта Отырғызылғанда оқу төлемақысы шарт жасасқан сәттегі жағдай мен көлемде жүргізіледі.

3.10. Егер академиялық демалыстан шығу күні немесе академиялық демалысқа шығу күні академиялық кезеңнің басталуына немесе аяқталуына сәйкес келмеген жағдайда, Білім алушы жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындауға, колледждің ішкі құжаттарына сәйкес академиялық айырмаларды тапсыруға міндетті.

3.11. Білім алушы ағымдағы оқу сабақтарымен қатар оқу жұмыс жоспарының пәндеріндегі айырмаларды жою үшін академиялық кезең бойында оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, оқу жұмыс жоспарында көрсетілген ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсыруға, аралық аттестация тапсыруға рұқсат алуға міндетті.

3.12. Оқу жұмыс жоспарындағы пәндер айырмашылығын Білім алушы академиялық демалыстан келгеннен кейін білім алушылар қатарына қайта отырғызу туралы бұйрықпен белгіленген тәртіппен және мерзімде тапсырады.

3.13. Білім алушы білім туралы қолданыстағы заңмен қарастырылған негіздер бойынша ауыстырылған жағдайда Білім алушы/Тапсырыс беруші Колледжге ағымдағы кезеңнің оқу төлемақысы арасындағы айырманы, сонымен бірге Колледж басшысының бұйрығы шыққан күннен бастап ауысуға дейінгі пәндер айырмасын төлейді.

3.14. Білім алушы ақылы негізде бір Колледжден екіншісіне ауыстыру білім алушы мен қабылдайтын Колледж арасында шарт жасаумен жүргізіледі.

3.15. Білім алушыны Колледж ішінде бір мамандықтан және оқу түрінің екіншісінен басқа түріне ауыстыру шартқа сәйкес өзгерістер енгізумен қоса жүргізіледі және Колледж басшысының бұйрығымен ресімделеді.

3.16. Оқу төлемақысын төлемегені үшін семестр бойында білім алушылар қатарынан шығарылған білім алушы, төлемақы бойынша қарыздарын төлеген жағдайда, білім алушылар қатарынан шығарылған уақыттан төрт апта аралығында қайта қабылдануға құқығы бар, мұнда Колледж Білім алушыны білім алушылар қатарына қабылдау уақытындағы белгіленген тарифтерге сәйкес төлемақы қарыздарын төлегені туралы құжатты ұсынып көрсеткенде үш жұмыс күні ішінде білім алушылар қатарына қайта отырғызады.

3.17. Колледждің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес білім берудің аралық және қорытынды бақылауынан өтпеген Білім алушы академиялық қарызы бар деп танылады және Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде өтейді.

4. ЕКІЖАҚТЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫ БҰЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

4.1. Екі жақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша міндеттерін орындамағаны және тиісті орындамағаны үшін жауапты.

4.2. Шартты бұзу жағдайлары:

4.2.1. Білім алушыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен, шарттың және Колледждің ішкі құжаттарымен белгіленген ережелер мен талаптарды бұзғаны үшін Колледж басшысының бастамасы бойынша білім алушылар қатарынан шығарғанда;

4.2.2. Білім алушы еркімен, денсаулық жағдайы, отбасы жағдайы бойынша, басқа оқу орнына ауысуына байланысты, Колледжге қатысты емес басқа да жағдайлар бойынша оқудан шығару туралы жазбаша өтініш бергенде;

4.2.3. Білім алушы Колледж қызметкерлеріне сыйлық (қаржылай және т.б) бергені, ұсынғаны анықталған жағдайда;

4.2.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Колледждің ішкі құжаттарының нормаларымен, Шартпен қарастырылған басқа да жағдайларда.

Мұнда екі жақтың Шартты бұзу мерзімі Колледж басшысының сәйкес оқудан шығару туралы бұйрығы болып табылады.

4.3. Білім алушының кінәсі бойынша немесе себепсіз жағдаймен оның бастамасы бойынша, сонымен бірге Шарттың 3.6.-тармағы негізінде Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Білім алушы/Тапсырыс берушінің өткен білім алған кезеңдеріне төлеген оқу ақысы қайтарылмайды.

4.4. Білім алушы/Тапсырыс берушінің білім алудың алдағы кезеңдеріне Қызметтер құнын төлеу бойынша өз міндеттерін мерзімінен бұрын орындаған жағдайда және осы Шарттың 3.6. және 4.4.-тармақтарымен қарастырылған негіздерден басқа Білім алушының бастамасы бойынша Шартты бұзу негізінде Колледж оқудан шығару туралы бұйрыққа дейінгі Колледждің көрсеткен Қызметінің құнын шегеріп, төленген ақшаны Білім алушы/Тапсырыс берушіге қайтарады.

4.5. Осы Шарттың 3.1. және 3.3. тармақшаларында белгіленген көлемде және мерзімде Қызметтер Құнын төлемеген жағдайда Білім алушы сәйкес сессияға жіберілмейді және Колледжден білім алушылар қатарынан шығарылады. Оқу төлемақысы бойынша жиналған қарыздар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

4.6. Білім алушыны Колледжден Қызметтер Құнын төлемеу себебі бойынша оқудан шығарған жағдайда, Колледж осы шарттың 2.3.10.-тармағымен қарастырылған міндеттерді қамтамасыз ету ретінде, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 338-1- бабына сәйкес қарыздарын өтегенге дейін академиялық анықтама, білімі туралы құжаттың түпнұсқасын (кәмелеттік аттестат, орта кәсіби білім туралы диплом) және басқа да құжаттарды бермеуге құқылы.

4.7. Колледждің сәйкес лицензиясының кері қайтарылуына (айырылуына) байланысты білім беру қызметін тоқтату немесе жою үдерісі негізінде Колледж қызметін тоқтатқан жағдайда, Білім алушыға басқа оқу орнында оқу жылын аяқтауға көмек көрсетеді.

5. ДАУЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ

5.1. Шартты орындау барысында немесе оларға байланысты туындауы мүмкін даулар мен келісе алмаушылықтар, екі жақ арасында мүмкіндігінше келіссөз жүргізу арқылы шешіледі.

5.2. Дауды келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Екі жақ оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары қарастырған тәртіппен шешуге, соттың қарауына береді.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Шарт екі жақ оған қол қойғанда күшіне енеді және Шарт бойынша екі жақтың өз міндеттерін толық орындағанға дейін қолданылады.

6.2. Шартқа кез келген өзгертулер мен толықтырулар шартқа қосымша келісім түрінде ресімделіп және Екі жақ қол қойған жағдайда ғана күші бар. Шартқа қосымша келісімдер оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.3. Білім алушы оқудан шыққанда немесе осы Шарттың 2.1.10.-тармақшасына сәйкес оқуды аяқтағаны туралы құжат алғанда Колледж Білім алушыны Шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатады.

6.4. Шарттың ережелерімен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының нормаларына сәйкес шешіледі.

6.5. Шарт жасалды, қол қойылды және Екі жақтың әрқайсысына тапсырылды.

7. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН РЕКВИЗИТТЕРІ

«Колледж»

Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ

«Жоғары медицина колледжі» МКК

160000, Шымкент қаласы

Желтоқсан көшесі, 22

Телефон: 8 (7252) 53-09-10

БИН 020540003749

ЖСН _____

БСК _____

Директор _____ Абишев Г.М.

МО

«Білім алушы» (Заңды тұлға немесе ата анасы)

(Білім алушының Т.А.Ә.)

ЖСН _____

(Тұрғылықты мекен жайы, байлыныс телефоны)

Колледжде ішкі тәртіп ережесімен таныстым.

Колледждің барлық талаптарын орындауды

міндетіме аламын _____

(Білім алушының қолы)

(Заңды өкілі немесе ата анасының А.Т.Ә.)

ЖСН _____

(Тұрғылықты мекен жайы, байланыс телефоны)

(Заңды өкілі немесе ата анасының қолы)